

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



МУҚРАБ- ҚАЗАЛЫ

№100
(2271)
Жексенбі
15 желтоқсан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТКЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ



Аудандық мәслихаттың кезектен тыс 30-шы сессиясы болып өтті.

Сессияға аудан әкімі Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлы, облыстық бағыныстағы басқарма басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері мен әкімдіктің дербес бөлімдерінің басшылары қатысты.

Сессияға аудандық мәслихаттың төрағасы Әліш Ғазиз Әлмәмбетұлы төрағалық етті.

Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралды:

1. «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20

желтоқсандағы №128 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»;

2. Аудандық жер комиссиясының құрамы және комиссия туралы ережені бекіту туралы;

3. Қазалы ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы;

4. «Қазалы ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі №349 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Жарылқап Бахытжан

Дүзелбайұлы хабарлама жасап, аудан бюджетіне енгізілген өзгерістермен таныстырды.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Әліш Ғазиз 2024 жылы аудан орталығы Әйтеке би кентін абаттандыруға облыстық, аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, көптеген жұмыстар атқарылғанын, алдағы уақытта ауылдық жерлерді дамытуға көңіл бөлу қажеттігін және Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығының көрермендер залының орындықтарына жапқыш алу туралы ұсынысын айтты.

Күн тәртібіндегі екінші, үшінші мәселелер бойынша аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Сейітов Еркін Нұржаубайұлы, төртінші мәселе бойынша

аудандық мәслихат аппаратының басшысы Мұхамбет Кенжебек Мұхамбетұлы хабарлама жасап, депутаттарды шешім жобасымен таныстырды.

Сессияда аудан әкімі Мейрамбек Зинабдинұлы сессияға ұсынылған мәселелерге депутаттардың қолдау көрсеткеніне рахметін айтып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында бірлесіп жұмыстар атқаруға шақырды.

Сессия алдында аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіліп, сессияда қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

ҚАЗАЛЫЛЫҚ ГҮЛСАЯ ЕРЖАН – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ!



Қазалылық боксшы Гүлсая Ержан бокстан әйелдер арасында Тайландтың Чанг Мей қаласында өтіп жатқан Азия чемпионатының финалында бақ сынап, жеңіске жетті.

Азия чемпионатында 81 келі салмақ дәрежесінде шаршы алаңдағы қарсыласы, украиналық былғары қолғап шебері Карина Айрепитянды айқын басымдықпен 5:0 есебімен жеңген жерлесіміз Азия чемпионы атанды.

Айта кетейік, жерлесіміз бірнеше күн бұрын өзбекстандық боксшы Сохибо Рузметовамен жұдырықтасып, қарсыласын екі мәрте ноқдаунға жіберіп, финалға шыққан болатын.

Жерлесімізді бүгінгі жеңісімен құттықтай отырып, алдағы жекпе-жектеріне сәттілік тілейміз!

Жеңіс құтты болсын Қазақ елі!

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘҢІРДЕН КЕЛГЕН ТӘТТІ СЫЙ

Тәуелсіздік – әрбір халықтың, әрбір ұлттың жүрегінде ерекше орын алатын қасиетті ұғым. Бұл – тек мемлекеттің дербес болуы ғана емес, елдің өз тағдырын өзі шешіп, өз құндылықтарын сақтауына мүмкіндік беретін ең үлкен байлық. Қазақстан үшін тәуелсіздік – Тәңірден келген тәтті сый, өйткені ол ғасырлар бойы аңсап келген армандар мен талай ұрпақтың төгілген қаны мен көз жасымен келген ұлы мұрат.

Қазақстанның тәуелсіздігі – халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы. Бұл – еркіндік, бостандық, өз тағдырын өз қолымен шешу құқығы. Тәуелсіздік – еліміздің, оның әрбір азаматының рухани бостандығының, ұлттың ұлы мұратының басты құндылығы болып табылады. Қазақ халқының тәуелсіздікке деген ұмтылысы – оның бүкіл тарихының өзегі. Қазақ хандығының XV ғасырда құрылуы – ұлттың біртұтас болуға деген алғашқы қадамдарының бірі еді. Бірақ қазақ даласының кеңдігі, байлығы, стратегиялық орналасуы оны әртүрлі сыртқы күштердің нысанына айналдырды. Жоңғар шапқыншылығы, патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты, кеңестік дәуірдегі ұлттық езгі – мұның бәрі қазақ халқының еркіндікке ұмтылысын тұншықтырмақ болды. Дегенмен, халықтың рухы ешқашан өшпеді.

Абылай хан, Кенесары Қасымұлы сынды тұлғалардың тәуелсіздік үшін күрестері – халқымыздың бостандыққа деген мәңгілік құштарлығын айқындайды. Тәуелсіздік жолындағы бұл күрес тек қарумен ғана емес, рухани жаңғыру, мәдениет пен тілдің сақталуы арқылы да жүзеге асты. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай сияқты алаш арыстарының идеялары қазақ халқының болашаққа деген сенімін нығайтты.

1991 жылы 16 желтоқсан – қазақ халқы үшін жаңа дәуірдің басталған күні. Сол жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялап, әлем картасында жаңа мемлекеттің пайда болғанын паш етті. Бұл күн – ғасырлар бойы күрескен ата-бабамыздың арманы орындалған күн. Бұл оқиға Қазақстан халқы үшін тарихи маңызы бар әрі ерекше кезеңді бастады. Бұл тәуелсіздік – бейбітшілікпен,

көрегендікпен келген жеңіс.

Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары көптеген қиындықтар мен ауыртпалықтарға қарамастан, еліміз бірқатар үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Біріншіден, ұлттық валютамыз – теңге енгізіліп, экономикалық дағдарыс кезеңінде тұрақтылық орнады. Қазақстан экономикасы нарықтық қатынастарға негізделіп, сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетті өнімдер шығаратын елге айналды. Елімізге шетелдік инвестициялар тартылып, көптеген халықаралық компаниялар өз бизнесін Қазақстанда дамытты.

Еліміздің халықаралық аренада да өзінің егемендігін паш етуіне мүмкіндік туып, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы сияқты халықаралық ұйымдардың мүшесі болды. Сонымен қатар, Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Ислам ынтымақтастық ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдарда белсенді түрде қызмет атқарды.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстанда ұлттың мәдениеті мен тарихы жаңа кезеңге қадам басты. Тәуелсіздік рухы қазақ халқының ұлттық санасын оятып, ұлттық мәдениет пен тілдің дамуына үлкен серпін берді. Қазақ тілі қайтадан мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды, ұлттың рухани құндылықтары мен салт-дәстүрлеріне ерекше мән беріле бастады.

Мәдениетімізді дамыту үшін көптеген шаралар қолға алынып, дәстүрлерімізді, музыка мен өнерімізді сақтау мен насихаттауға үлкен көңіл бөлінді. Әдебиет, музыка, өнер және спорт саласында көптеген әлемдік деңгейдегі жетістіктерге қол жеткіздік. Тәуелсіз Қазақстанда әртүрлі халықаралық мәдени іс-шаралар өткізіліп, біздің мәдениетіміз әлемдік сахнада өз орнын тапты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жетекшілігімен Қазақстан ядролық қарудан бас тартып, бейбітшілікті жақтаушы мемлекет ретінде танылды. Мемлекеттің жаңа астанасы – Астана (қазіргі Астана) – тәуелсіз Қазақстанның символына айналды.

Тәуелсіздік – тек мемлекеттің дербес болуы ғана емес, ол – ұлттық құндылықтардың қайта

жаңғыруы.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін халқымыздың тілі, діні, мәдениеті мен тарихы қайта жандана бастады. Ұмыт болған салт-дәстүрлеріміз ұлттық сана-сезіміміз күшейе түсті.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде білім беру, денсаулық сақтау, экономика және инфрақұрылым салаларында көптеген жетістіктерге қол жеткізілді. Қазақстан әлемдік қауымдастықта өз беделін арттырып, халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесіне айналды.

Тәуелсіздік – сый ғана емес, ол үлкен жауапкершілік. Бүгінгі ұрпақтың басты міндеті – осы баға жетпес байлықты сақтау және оны нығайту. Әлемде түрлі қақтығыстар мен тұрақсыздықтар орын алып жатқан заманда тәуелсіздікті сақтау оңай емес. Бұл – бірлікті, татулықты, көрегендікті талап ететін үлкен іс.

Жастардың бойында отансүйгіштік рухын тәрбиелеу, олардың ел болашағына деген сенімін нығайту – тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағының кепілі. Әрбір азамат өз ісімен, еңбегімен елдің дамуына үлес қосып, тәуелсіздікті нығайту жолында аянбай еңбек етуі тиіс.

Тәуелсіздік – Қазақстан үшін тарихи әрі рухани маңызы бар ұлы құндылық. Ол халықтың еркіндігі мен тәуелсіздігінің белгісі ғана емес, еліміздің болашаққа деген сенімін, ұлттың рухын көрсетеді. Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін көптеген қиындықтарды еңсеріп, қарыштап даму жолына түсті. Бүгінгі Қазақстан – өз дамуында жетістікке жеткен, әлемге танымал мемлекет. Тәуелсіздікке қол жеткізу – бұл тек тарихи оқиға емес, ол халқымыздың еркіндігі мен болашағына деген ұлы сенімінің айқын дәлелі.

Тәуелсіздік – бұл тек өткеннің жемісі ғана емес, ол – болашаққа деген үміт. Қазақстанның тәуелсіздігі – Тәңірден келген үлкен сый, бірақ оны бағалау, сақтау және дамыту – біздің басты борышымыз. Әрбір қазақ үшін тәуелсіздік – мақтаныш пен жауапкершілік сезімін ұялататын қасиетті құндылық. Сондықтан, Тәңірдің осы тәтті сыйын көздің қарашығындай қорғап, болашақ ұрпаққа аманаттау – бәріміздің ортақ міндетіміз.

Айдана ТІЛЕУЖАН

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ҚҰРДАС ЖОЛСЕРІК



Биыл еліміздің тәуелсіздігіне 33 жыл толып отыр. Еліміз тәуелсіздік алып, азат мемлекет болғаннан бері қуаныш үстіне қуаныш сыйлап, қаншама ұл-қыздар дүние есігін ашты. Қазір сол ұл-қыздарымыз елдің дамуына үлес қосып жүрген еңселі азаматтар мен азаматшалар. Сондай жанның бірі - жерлесіміз, тәуелсіздікпен түйдей құрдас Балымов Арыстан.

Ол 1991 жылы 8 желтоқсанда Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде дүниеге келген. Әрі Арыстан отбасында егіздің сыңары. Қазіргі таңда жолаушылар тасымалдайтын «Қызылорда-Семей» бағытындағы пойызда жолсерік болып қызмет атқарады. Он жылдан астам тәжірибесі бар ол 2007-2010 жылдары Ақтөбе қаласындағы Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжін теміржолшы мамандығы бойынша бітіріп, 2010-2014 жылдары Алматы қаласындағы Халықтық гуманитарлық университетін жолсерік мамандығы бойынша тәмамдайды. Кейін тәжірибе алмасу мақсатында «Атырау-Алматы» бағытындағы пойызда жұмыс атқарған.

-Балалық шағымда түрлі мамандық иесі болуды армандайтынмын. Кейін ағаларымның жолын қуып, есейе келе жаныма жақын мамандық теміржол саласын таңдадым. Қай саланың да қуанышы мен қатар қиындығы болады. Бұл мамандық аса жауапкершілік пен біліктілікті талап етеді. Жолаушыларды жақсы көңіл күймен қарсы алу, оларға қызмет көрсету, вагондардың тазалығы мен оқыс жағдайдың орын алмауын қадағалап отыру біздің басты міндетіміз, - дейді Арыстан.

Ел үшін аянбай еңбек етіп, күн-түн демей, күннің ыстығы мен суығына қарамастан халыққа қызмет көрсетіп, ықыласына бөленген Арыстан қазіргі таңда жұбайы Балымова Жаңыл екеуі 5 ұл-қыз тәрбиелеп отырған үлгілі жанұялардың бірі. Ұзақ жылдардан бері теміржол саласында еңбек етіп жүрген Балымовтар әулетіне толағай табыс, отбасына амандық тілейміз. Еліміздің еңсесі биік, Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болғай!

**Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»**

МӘЖІЛІСТЕ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте аудандағы құрылыс саласын дамыту мәселелері қаралды.

Мәжілісте аудан басшысы келер жылы ауданда құрылыс жұмыстарының қарқынын әлде де күшейту керектігін айтып, соған сәйкес жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

- 2024 жылдың 11 айында ауданда құрылыс жұмыстарының көлемі 10 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,8 млрд. теңгеге артық орындалды. Былтыр ауданымызда 50 отбасыға жаңа тұрғын үйлердің кілті табысталса, биыл 148 отбасы баспана қуанышына кенелуде. Сонымен қатар, келер жылы да аудан тұрғындарын баспанамен қамту жұмыстары жалғасатын болады.

Бұдан бөлек, 2025 жылға өтпелі аудан көлемінде бірқатар



әлеуметтік нысандардың құрылысы басталды. Әйтеке би кенті, Бекарыстан би және Қожабақы ауылдарында спорт кешендерінің құрылысы ба-

сталса, «Майдакөл» аулында 100 орындық клуб ғимараты бой көтеруде. Сонымен қатар, Әйтеке би кентінде «Руханият» орталығының құрылысы

жүргізілуде. Бұған қоса елді мекендерді табиғи газға қосу жұмыстары қарқынды жүруде.

Ендігі кезекте біз 2025 жылға жоспарланған құрылыс жобаларын іске асыру үшін барынша ауданға қаржы тартып, тиісті жұмыстарды бірлесе атқаруымыз қажет, - деді аудан басшысы.

Мәжілісте аудан әкімі жауапты сала басшыларына мемлекеттің бюджет қаржысына салынған әрбір нысанның мерзімінде аяқталуын әрі сапалы болуын қатаң қадағалауды тапсырды.

Жиын соңында аудан басшысы күн тәртібінен бөлек ауыл әкімдері, құқық қорғау органдары, төтенше жағдайлар бөлімі бірлесіп, алдағы мереке-лер қарсаңында коммуналдық қызметтердің үздіксіз жұмысын, қауіпсіздік шараларды үнемі қадағалап отыруды тапсырды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС: ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ

Елімізде сыбайлас жемқорлық қоғамның үлкен дертіне айналып отыр. Сыбайлас жемқорлықпен күресуде мемлекет аса сауатты да күшті заңдар мен бағдарламалар қабылдады. Бірақ бұл індеттің тамырланғаны соншалықты тоқтату, тіпті азайту мүмкін болмай отыр. Қабылданған шаралар бойынша жекелеген азаматтарымыз бен қоғам, құқық салалары болып, қаншалықты күрес жүргізгенмен сыбайлас жемқорлық кеселі тиылар емес. Менің айтарым, сыбайлас жемқорлықпен күресу тал бесіктен басталуы керек деп ойлаймын. Өйткені жастай тәрбие беріп, санасына сіңірілген нәрсе ғана кәдегесіке асады деген пікірдемін. Дұрыс тәрбие алған жас өркен ғана дұрыс білім нәрімен сусындайды. Ал тәрбиелі білімдер ұрпақ қана ешкімге тәуелді болмай өмір сүреді. Ата-ананың адамгершілікке, әділдікке бала кезден баулыған-дартқан тәрбиесі жас маманның «мен неге, не үшін пара беріп, қызметке тұруым керек?!», деген намысын оятып, өз қабілет-күшіне, білім-сауатына, ерік-жігеріне деген сенімін оятып, дұрыс түсінік-ұғымын қалыптастырады. Мұндайда кадрлық әлеует күшейіп, халыққа істер адал қызметі алға шығып, сыбайластық – жең ұшынан жалғасу азайып, тамыр-таныстық әлсіреген болар еді. Мықты білім – жүрекпен оқығанда ғана болады. Жоғары білім алып келген сауатты жас маман, тамыр-таныс іздемей-ақ сауаттылығымен қызметке тұрып, жемқорлыққа бой алдырмайды. Оның саналы тірлігі ешкімге пара бермей, ешкімнен пара алмай бұралаң-бұлтақсыз болар еді. Қызметке аларда-жұмысқа тұрғызарда (қабылдауда) кадрдың тегі мен нәсіліне қараумен бірге, оның деңгейі мен біліміне аса мән берілуіне мұқият болуымыз керек. Бұл қоғамның әділдігі болып есептелер еді. Жоғарыда «көкем отыр ғой» деген түсінік жас қызметкер-маманның ой-санасынан алыстап, дұрыс пікір қалыптасар еді. Билік пен байлыққа құмартып қызықпай, өз жолын табуға құлшынысы артып, сеніммен өмір сүруіне сеп болар деген пікірдемін. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бастау бұлағы – жастайғы тәрбие мен білімде деп отырғанымыздың себебі осы.

Ә.ТОМАЕВ,
«Аранды» ауылдық округінің әкімі

МІНЕЗ – ЖАННЫҢ МІНСІЗ АЙНАСЫ

Мінез – адам баласының ішкі жан дүниесінің сыртқы көрінісі деуге болады. Сондықтан, әл-Фараби бабамыз «Мінез – жанның айнасы» деген екен. Әдетте, біз адамдарға қарап мінезі жақсы екен немесе жаман екен деп баға беріп жатамыз.

Жақсы мінезді адамдарға ақкөңіл, яғни үнемі көңілді жүретін, жайдары адамдарды жатқызамыз. Көбінесе олар ашуланбайды, қайырымды, мейірімді және сабырлы келеді. Мәселен, мінезі жақсы ұстаз оқушыға мүлдем дауыс көтеріпұрыспайды. Ондай адамдардың ашуға беріліп айқайлағанын немесе қатты сөздер айтқанын естімейміз. Осыған қарап, қытай халқының «Үлкен өзендер ақырын ағады, ал ақылды адамдар ақырын сөйлейді» деген

мақалы рас екен деп ойлаймыз.

Кейде адамның өмір сүру стилі, тағдыры, қоғамдағы орны өз мінезіне байланысты сияқты. Мәселен, көптеген психологтар адамның мінез-құлқы оның өмір сүруін анықтап береді дейді. Яғни, мінезі ашық, ақкөңіл адамдар тез достасып, кез келген адамдармен жылдам дос болып кетсе, мінезі тұйық адамдар өзгелермен қарым-қатынасқа түсуі өте қиын.

Қортындылай келе, жақсы мінезді болуға тырысуымыз керек және көркем мінезді адамдардан үлгі алуымыз қажет деп ойлаймыз. Өйткені мінезі жақсы адамның өмірі де жақсы болмақ және ондай адам айналасындағы адамдарға, тіпті еліне үлкен септігін тигізе алады. Сондықтан, Алаштың ұлы тұлғасы Әлихан Бөкейханов: «Ұлтына, жұртына қызмет ету - білімнен емес, мінезден» деп айтқан. Әрине, кемшіліксіз адам болмайтыны рас. Меніңше, адамның бойында жаман мінезі болатын болса, оны түзетуге болады деп ойлаймыз. Демек, өз бойымыздағы жаман мінездерді жойып, тек жақсы мінездерімізді шыңдап, көркем мінез иесі болуға тырысуымыз қажет.

**«Қазалы ынтымағы»
қоғамдық бірлестігі**



ПИРОТЕХНИКАЛЫҚ ЗАТТАРДЫ ДҰРЫС ҚОЛДАНАЙЫҚ

Пиротехника бұйымдарын және ашық от көздерін қолдануға байланысты арнайы отты эффектілерді өткізу қажет болған кезде, жауапты мамандар аумақтық органының келісімі бойынша өрттен сақтандыру жөніндегі шараларды (оның ішінде от шашуларды өткізу тәртібі, өрт сөндіру құралдарын орналастыру, от шашатын пиротехникалық бұйымдар және қауіпті аймақтар сұлбалары, жарамсыз бұйымдарды сақтау және жою тәртібі, өрттен сақтандыру жөніндегі іс-шаралар жоспары) әзірлеп іске асыруға тиіс.

Өрт қауіптілігінің көрсеткіштері

және пиротехникалық бұйымдарға ұсынылатын өрт қауіпсіздігі талаптары, сондай-ақ оларды сынау әдістері Қазақстан Республикасында

қолдануға рұқсат еткен мемлекеттік стандарт талаптарына, белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжаттарға сәйкес болуға тиіс.

От шашатын пиротехникалық бұйымдарды көпшілік адамдар болатын ғимараттар мен құрылымдарда атуға тыйым салынады.

**Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімі**

ЕЛ ТАНЫҒАН ЕҢБЕККЕРЛЕР



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керек.» - деген болатын.

Қазалы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында Қазалы қаласындағы мектептердің 7-9 сынып оқушылары арасында «Ел таныған еңбеккерлер» атты қалалық ғылыми жобалар байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты - еңбек саласында елеулі жетістіктерге жеткен жергілікті тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру, оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру, әртүрлі кәсіптерді тануға қызығушылық ояту және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға баулу. Қазалы қаласынан шыққан тұлғалар мен еңбек адамдарын насихаттау.

Байқауға Ғ.Мұратбаевтың тарихи-мемориалдық музейінің директоры Р.Асанова, ардагер ұстаз Қ.Саниязов, Қазалы аграрлы-техникалық колледжі директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары Ш.Баекеева қазылық етті.

Байқау қортындысымен бас жүлдені «Алпысбай Мұсаұлының қазақ әдебиетіндегі юмор мен сатира жанрын зерттеудегі үлесі» тақырыбымен М.Горький атындағы №16 мектеп-лицейдің оқушысы Файзуллаева Аяна (Жетекшісі: Абдуллаева Әлия), бірінші орынды «Өмірі өнегелі ардагер - Нұрылла Нұрекешов» тақырыбымен Қ.Нұрмаханов атындағы №95 орта мектептің оқушысы Әбдіхалық Әсел (Жетекшісі: Нұрекешова Жанат), екінші орынды «Генерал-майор Әлімжан

Ерниязовтың әскери қызмет жолы және Қазақстанның қорғаныс саласына қосқан үлесі» тақырыбымен М.Горький атындағы №16 мектеп-лицейдің оқушысы Мінажатов Мейірхан (Жетекшісі: Еркебалаева Қырмызы), үшінші орынды «Ақылдылық пен

қамқорлықты ұштастыра білген Тайғара ата» тақырыбымен Ғ.Мұратбаев атындағы №17 орта мектептің оқушысы Сражадин Нұрай мен «Алтын қаламды еңбеккер» тақырыбымен Разахберген Динара (Жетекшісі: Әшірбекова Гүлжанат) иеленді.

«Үздік зерттеуші» номинациясына «Мерейі үстем - Мерей» тақырыбымен Қ.Нұрмаханов атындағы №95 орта мектептің оқушысы Бақытбек Бейбарыс және «Үздік жоба» номинациясына «Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз - Жұмабек Игіліков» тақырыбымен М.Горький атындағы №16 мектеп-лицейдің оқушысы Ерсұлтанқызы Бағжан лайық деп танылды. М.Горький атындағы 16 мектеп-лицейдің оқушысы Жақсылық Дарын (Жетекшісі: Бекбосынова Әсия) «Қазалы қаласынан шыққан тұңғыш кәсіпкер ана - Зибаш Баймаханова» тақырыбымен, «Ептілікпен жеткен еңбек» тақырыбымен Қ.Нұрмаханов атындағы №95 орта мектептің оқушысы Панабек Айару (Жетекшісі: Бердақ Дәмелі), «Қызмет қылсаң халқыңа, игі ат қалар артыңда» тақырыбымен Қ.Нұрмаханов атындағы №95 орта мектептің оқушысы Оңталап Аяжан (Жетекшісі: Ідірісова Мөлдір), «Қазыналы қарт ата» тақырыбымен Қ.Нұрмаханов атындағы №95 орта мектептің оқушысы Дүйсенғали Салтанат (Жетекшісі: Шайықова Жадыра), «Тәттіден тапқан табысын» тақырыбымен Қ.Нұрмаханов атындағы №95 орта мектептің оқушысы Жетес Аружан (Жетекшісі: Марат Алтын) ғылымға деген жігері үшін көрермен көзайымы болды.

Ғылыми жобалар байқауын Қазалы қаласының әкімі Орынбасаров Қайрақбай Жақсыбайұлы қортындылап, жеңімпаздарға Қазалы қаласы әкімінің дипломдары мен алғыс хаттарын, бағалы сыйлықтарын табыстады.

Шәрбану ТОЛЫБАЙҚЫЗЫ,
Қазалы қаласы

ҚОШ БОЛ, ТЫРНАЛАР!

Алпыс жеті жастағы атпал азамат Балғынбайұлы Жеткербай аяқ астынан ауруға шалдықты. Зейнеткерлікке шыққанына төрт ақ жыл болғанды. Ұл, қыздары жетіліп, оқуларын бітіріп, ел қатарлы еңбек етіп жүрген, әйелі зейнеткерлікке жеткен.

Зейнеткер азамат облыс, аудан дәрігерлерінің емдерінен жазылмағасын не де болса Алланың маңдайыма салғанын көремін деп тағдырына мойын ұсынып үйінде жатқанды. Жиі-жиі жүрегі қысылып дем ала алмай қиналатынды. Сондай кездерде үйдің терезесін ашқызып қоятын.

Бір күні терезеден тыраулаған тырналардың дауысын естіп, немересін жұмсап аулада жүрген балаларын шақыртты. Онсызда әкеміз қалай болады деп алаңдап жүрген балалары әкесінің бөлмесіне тездетіп келді. Әкесі басын көтеріп, мені шарбақтың ішіне таза ауаға шығарыңдар,- деді. Балалары әкесін сүйемелдеп шарбаққа шығарып, орындыққа отырғызды. Ол аспанға қарады. Жоғарыда тыраулап топ-топ болып тырналардың жылы жақтағы мекендеріне қайтып бара жатырғандарын көрді. Олардың алдында біреуі жол басшылары болуы керек дара, қалғандары үш бұрыш тәрізді болып басшыларының артынан сүйкімді тыраулаған дауыстарымен тізбектеліп ұшып барады.

Жеткербай жоғары қарап: - Қош болыңдар, тыраулап ұшып, жылы жақтағы мекендеріне кетіп бара жатқан тырналар. Сендердің әр жылдары бұл жаққа көктемде келгендегі және күз айында қайтып бара жатырғандағы сүйкімді үндеріңді есітіп ұзақ қарап тұрып қызықтайтынмын. Әрі, тырналар баратын мекендеріңе амансау жетіп, келесі көктемде аман-есен оралыңдар, - деп тілек тілейтін едім. Әлі де сол тілегімді қайталаймын. Қош бол, тыраулап ұшқан тырналар,-деп науқасы жанына батқан Жеткербай көзіне жас алды.

Қош бол, жарық дүние, барлық жер бетіндегі тіршілік иелері деп өксіді. Соны сезгендей тырналарда тыраулап Жеткербай отырған шарбақтың үстін бір айналып өтті. Одан соң Жеткербай балаларына «мені бөлмеме апарыңдар»,- деді.

Бөлмесіне апарған соң тілін калымаға келтіріп, Лә илаһа илла Алла, Мұхаммадур расулласын айтып жарық дүниемен қоштасып кете барды.

Кімде кімнің өмірден өтердегі соңғы сөзі Лә илаһа илла Алла, Мұхаммадур расулла болса жаннаттық екенін, Алланың сүйікті елшісі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадис шәрипінен білеміз ғой.

Бауырымыздың соңғы сөзін мейірімі шексіз Алла тағала қабыл етіп, өзінің разылығымен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) шапағатына бөлегей демекпіз.

Бауырымыз күндердің сұлтаны жұма күні әрі мәуліт айында өмірден озды.

Беганьш ЖАҚСЫБАЙ,
Әйтеке би кенті

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.